

Жеке кәсіпкерлік туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 124 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексімен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 29.10.2015 № 375-V Кодексімен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бұқіл мәтін бойынша "ставкасын", "ставкаларын", "проценттік", деген сөздер тиісінше "мөлшерлемесін", "мөлшерлемелерін", "пайыздық" деген сөздермен ауыстыру көзделген - ҚР 28.11.2014 № 257-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ететін негізгі құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындаиды.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акпараттық құралдар – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік органдарға немесе езге де тұлғаларға ақпарат ұсыну тетіктері;

1-1) бизнес-инкубатор – шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдық беру, ұйымдық, құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтер көрсету жолымен оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға;

2) бизнестің әлеуметтік жауаптылығы - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда қоғамды дамытуға қосқан ерікті үлесі;

3) дара кәсіпкер - дара кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмaston жүзеге асыратын және осы Заңның 6-бабының 3 және 7-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сай келетін Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман;

4) дара кәсіпкерлік - жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан олардың тәуекелі үшін және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;

5) жеке кәсіпкерлік - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кіріс алуға бағытталған, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өздерінің меншігіне негізделген және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;

6) алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау - Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру, қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасау жөніндегі мемлекеттік шаралар кешені;

8) жеке кәсіпкерліктің инфрақұрылымы - өз ісін ұйымдастыруға жәрдемдесуді, құқық, маркетинг, инжиниринг және менеджмент саласындағы ақпараттен қамтамасыз етуді, коммерциялық негізде материалдық-техникалық, қаржылық және басқа да ресурстармен қамтамасыз етуде қолдауды қоса алғанда, жеке кәсіпкерліктің жұмыс істеуі мен дамуының жалпы шарттарын қамтамасыз ететін, құрылатын немесе жұмыс істеп тұрған ұйымдар кешені;

9) жеке кәсіпкерлік субъектілері - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және мемлекеттік емес занды тұлғалар;

10) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестігі - жеке кәсіпкерлік субъектілері өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын, занды мүдделерін білдіру және қорғау қорғау үшін құратын коммерциялық емес ұйым;

11) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеу - кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестерде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін білдіруге белгіленген критерийлерге жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің сәйкестігін тиісті мемлекеттік органдардың тануы;

11-1) жылдық орташа табыс – соңғы үш жылдағы жыныстық жылдық табыстардың немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлік субъектілері табыстарының үшке бөлінген сомасы;

12) индустриялық аймақ - коммуникациялармен қамтамасыз етілген, мемлекет жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өнеркәсіп объектілерін орналастыру

және пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен беретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жер;

13) кәсіпкерлік жөніндегі үекілетті орган – жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

14) кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңес (бұдан әрі - сараптамалық кеңес) - орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы және екілді органдар жаңынан:

жеке кәсіпкерлік мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредителген бірлестіктерінен және мұдделі коммерциялық емес ұйымдардан сараптамалық қорытындылар алу;

жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау, оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру туралы ұсыныстарды талдап-әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін құрылатын консультативтік-кеңесші орган;

15) алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16) коммерциялық құпия - жеке кәсіпкерлік субъектісі айқындастын және қорғайтын, заңды негізде еркін қол жеткізуге адамдардың шектеулі тобы ие болатын, жариялануы, алынуы, пайдаланылуы оның мұдделеріне залал келтіруі мүмкін ақпарат;

16-1) реттегіш құралдар – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты әсер ету тәсілдері, оның ішінде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын рұқсаттар мен хабарламалар; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салалары; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпараттық құралдар;

16-2) реттеуді қатаандату – реттегіш құралдардың енгізілуіне немесе пайдаланылуына байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша талаптар, міндеттер белгілеу немесе жүктемені өзгеше ұлғайту;

16-3) реттеушілік әсерді талдау – кейіннен мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік беретін, енгізілетін реттегіш құралдың және онымен байланысты талаптардың пайдасы мен шығындарын салыстырудың талдамалық рәсімі;

16-4) реттеуші мемлекеттік органдар – реттегіш құрал енгізілген немесе енгізілуі жоспарланып отырған жекелеген салада немесе мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

17) шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтары - оқытуды, ақпараттық қамтамасыз етуді, консультациялық және маркетингтік қызметтер көрсетуді, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларына құқықтық, экономикалық және технологиялық сараптама жасауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және Азаматтық кодекстең, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгендерден өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Жеке кәсіпкерліктің жекелеген түрлерін жүзеге асыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

4. Алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Жеке кәсіпкерлікті құқықтық реттеу шектері

1. Жеке кәсіпкерлік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген негіздер бойынша ғана шектелуі мүмкін.

2. Жеке кәсіпкерлікті шектеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ғана орын алуы мүмкін.

3. Мемлекеттік органдардың жекелеген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің артықшылық жағдайын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер қабылдауына тыйым салынады.

4-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты мен принциптері

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және мемлекеттің мұдделері мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады.

2. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің негізгі принциптері:

жеке кәсіпкерлік еркіндігінің кепілдігі (Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат берілген) және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету;

кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға барлық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тенденциялары;

жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне) қол сұғылмауы мен оны қорғаудың кепілдігі;

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың басымдығы;

жеке кәсіпкерліктің мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жасауға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуы;

жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына қатысуы болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараныз), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

5-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралдарды енгізууді немесе реттеуді қатаандатуды көздейтін нормативтік құқықтық актілерді өзірлеу және қабылдау ерекшеліктері

1. Егер реттеуші мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жаңа реттегіш құралды енгізууді немесе реттеуді қатаандатуды жүзеге асыруды жоспарлаған жағдайда, реттеуші мемлекеттік органдар кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен реттеушілік өсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.

Осы тармақтың күші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды.

2. Реттегіш құралдар мынадай түрде енгізіледі немесе жүзеге асырылады:

1) рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген рұқсаттар немесе хабарламалар тізбесіне тиісті рұқсатты немесе хабарламаны енгізу арқылы ғана енгізіледі;

2) мемлекеттік бақылау және қадағалау жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметінің "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қосымшада көзделген салаларында ғана жүзеге асырылады;

3) ақпараттық құралдар Қазақстан Республикасының зандарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерімен ғана енгізіледі.

3. Реттеушілік әсерді талдауға:

1) реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуі немесе реттеуді қатаңдатуды көздейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының жобалары;

2) реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін Қазақстан Республикасы зандары жобаларының тұжырымдамалары;

3) реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін Қазақстан Республикасы зандарының жобалары;

4) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобалары;

5) ақпараттық құралдарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобалары;

6) реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін Кеден одағы техникалық регламенттерінің жобалары;

7) жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін, реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін, жергілікті өкілді органдар шешімдерінің жобалары жатады.

4. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да міндеттер мен функцияларды орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі консультативтік-кеңесші орган – Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құрады.

Жаңа реттегіш құралды енгізу Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Занымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

5-1-бап. Реттеушілік әсерді талдау

1. Реттеушілік әсерді талдаудың мақсаты белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу немесе анық айқындалған проблемаларды шешу үшін реттеудің баламалы тәсілдерін бағалау арқылы нақты реттегіш құралдарды пайдалану бөлігінде мемлекеттік саясаттың пәрменділігі мен тиімділігін арттыру болып табылады.

2. Реттеушілік әсерді талдау реттегіш құрал енгізілгенге дейін және енгізілгеннен кейін жүргізіледі.

3. Реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелері бойынша реттегіш құралды қолдану тиімділігіне қарай реттегіш құралдың күші жойылуы мүмкін немесе езгеше түрде қайта қаралуы мүмкін.

Реттегіш құралды енгізу кезінде мәлімделген кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізілмеген жағдайда, оның күші жойылуға жатады.

4. Реттеушілік әсерді талдауды реттеуші мемлекеттік органдар осы Заның 5-бабының 3-тармағында көзделген, өздері өзірлейтін құжаттардың жобаларына қатысты, сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және басқа да мүдделі тұлғалар кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес жүргізеді.

5. Реттеушілік әсерді талдауды жүргізу жаңа реттегіш құралды енгізу дің міндетті шарты болып табылады.

6. Қолданыстағы реттегіш құралдарға қатысты реттеушілік әсерді талдауды реттеуші мемлекеттік органдар қолданыстағы құжаттарды қайта қарау тәртібімен жүргізеді.

7. Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелерін қарайды және реттеуші мемлекеттік органдардың белгіленген рәсімдерді сактауы туралы қорытынды береді;

2) реттеуші мемлекеттік органдар жүргізген реттеушілік әсерді талдаудың түйіндерімен келіспеген жағдайда, реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізеді .

8. Реттеуші мемлекеттік орган жүргізген реттеушілік әсерді талдаудың, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган және (немесе) өзге де мүдделі тұлғалар жүргізген реттеушілік әсерді баламалы талдаудың нәтижелері интернет-ресурстарда орналастырылады.

**Ескерту. 1-тaraу 5-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 269-V
Занымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2-тарау. ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

6-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілері

1. Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады:

- 1) шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері;
- 2) орта кәсіпкерлік субъектілері;
- 3) ірі кәсіпкерлік субъектілері.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін санаттарға жатқызу критерийлері:

жұмыскерлердің жылдық орташа саны;
жылдық орташа табысы.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін санаттарға жатқызу:

мемлекеттік статистика;
мемлекеттік қолдау көрсету;

Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін пайдаланылады.

Мемлекеттік статистика мақсаттары үшін жұмыскерлердің жылдық орташа саны бойынша критерийлер ғана пайдаланылады.

Мемлекеттік қолдау көрсету және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін: жылдық орташа саны және жылдық орташа табысы бойынша екі критерийі пайдаланылады.

Бұл ретте, жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламаларында оны көрсету үшін өзге де критерийлер көзделуі мүмкін.

5. Заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны жүз адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

5-1. Жұмыскерлерінің жылдық орташа саны он бес адамнан аспайтын немесе жылдық орташа табысы респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік

көрсеткіштің отыз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері микрокәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

6. Мемлекеттік қолдау және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін:

- 1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметті;
- 2) акцизделетін өнімді өндіруді және (немесе) көтерме саудада өткізу;
- 3) астық қабылдау пункттерінде астық сақтау жөніндегі қызметті;
- 4) лотереялар өткізу;
- 5) ойын бизнесі саласындағы қызметті;
- 6) мұнай, мұнай өнімдерін, газ өндіру, өндеу және өткізу, электр және жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметті;
- 7) радиоактивті материалдардың айналымымен байланысты қызметті;
- 8) банк қызметін (не банк операцияларының жекелеген түрлерін) және сақтандыру нарығындағы қызметті (сақтандыру агентінің қызметінен басқа);
- 9) аудиторлық қызметті;
- 10) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті;
- 11) кредиттік бюrolардың қызметін;
- 12) күзет қызметін;
- 13) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымымен байланысты қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалар шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері болып танылмайды.

Осы тармақта көрсетілген қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалар - орта кәсіпкерлік субъектілеріне, ал осы баптың 9-тармағында белгіленген критерийлерге сай келген жағдайда ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ойын бизнесі салығын, тіркелген салықты және бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін жұмыскерлердің саны бойынша критерий пайдаланылады.

7. Кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа саны аталған субъект филиалдарының, өкілдіктері мен басқа да оқшауланған бөлімшелерінің жұмыскерлерін, сондай-ақ дара кәсіпкердің өзін қоса алғанда, барлық жұмыскерлер ескеріле отырып, айқындалады.

8. Осы баптың 5 және 9-тармақтарына сәйкес шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын, занды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке

кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

9. Мынадай критерийлердің біреуіне немесе екеуіне сай келетін: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жұз елу адамнан асатын және (немесе) жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылышынан 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің үш миллион еселенген мөлшерінен асатын және заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 2012.07.10 № 36-V Заңымен (2013.12.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-1-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы деректерді пайдалану үшін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізеді.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дереккор.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға, оның ішінде мемлекеттік органдарға жұмыста пайдалану үшін электрондық анықтама нысанында беріледі.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 2-тaraу 6-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 № 36-V Заңымен (2013.12.01 бастап қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Дара кәсіпкерлік

1. Дара кәсіпкерлік өзіндік немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылады.

2. Өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.

Некеде тұратын жеке тұлға жұбайын кәсіпкер ретінде көрсетпей өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезде ол жұбайдың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға келісімі талап етілмейді.

Жеке тұлға өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайларда, егер заңдарда немесе неке шартында не ерлі-зайыптылардың арасындағы өзге келісімде өзгеше көзделмесе, мұндай пайдалануға жұбайының келісімі қажет.

3. Бірлескен кәсіпкерлікті жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлік кезінде жеке кәсіпкерлікпен байланысты барлық мәмілелер бірлескен кәсіпкерліктің барлық қатысушиларының атынан жасалады, ал құқықтар мен міндеттер олардың атынан алынады және жүзеге асырылады.

4. Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары:

1) ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігі;

2) шаруа немесе фермер қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;

3) жеке кәсіпкерлік ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік болып табылады.

5. Ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігін жүзеге асырған кезде жұбайлардың бірі екінші жұбайдың келісімімен іскерлік айналымда ерлі-зайыптылардың атынан әрекет етеді, келісім дара кәсіпкерді тіркеу кезінде расталуы немесе дара кәсіпкердің қызметі мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асырылған жағдайларда жазбаша тұрде көрсетіліп, нотариалдық жолмен куәландырылуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің іскерлік айналымда ерлі-зайыптылар атынан әрекет етуіне екіншісінің келісімі болмаған кезде іскерлік айналымда әрекет ететін жұбай дара кәсіпкерлікті өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратындығы көзделеді.

6. Жай серіктестік нысанын пайдаланатын дара кәсіпкерлік Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Дара кәсіпкерлер өз міндеттемелері бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріп алынбайтын мүлікті қоспағанда, өздерінің барлық мүлкімен жауапты болады.

8. Жеке тұлға өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезде өзіне меншік құқығымен тиесілі барлық мүлкімен, соның ішінде ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіндегі үлесімен жауапты болады.

Жеке тұлға жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайларда, оның борыштары бойынша өндіріп алу ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне де қолданыла алады.

Жұбайлардың жеке кәсіпкер болып табылмайтын әрқайсысының мүлкі өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жұбайының біреуінің борыштары бойынша өндіріп алушы қолдану нысанасы бола алмайды.

9. Ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігін жүзеге асырған кезде ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлікті жүзеге асыруға байланысты борыштары бойынша өндіріп алу олардың қайсының іскерлік айналымда өрекет ететініне қарамастан, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне қолданыла алады.

10. Дара кәсіпкер өз қызметін жүзеге асыру кезінде іскерлік құжаттаманың дербес бланкілерін, мөрді, мөртабандарды пайдалануға құқылы.

11. Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды қоспағанда, жеке тұлғаларға дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.06.30 № 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.03.24 № 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

8-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен міндеттері

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілері:

1) егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, жеке кәсіпкерліктің кез келген түрін жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жалдамалы еңбекті пайдалана отырып, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген тәртіппен филиалдар мен өкілдіктер құруға;

4) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өндірілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағасын дербес белгілеуге;

5) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өтеулі негізде қаражат (қарыз) беруге;

6) өзінің құқықтық қабілеті шегінде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға;

7) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін құруға;

8) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арқылы сарапшылық кеңестердің жұмысына қатысуға;

9) бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын құқық қорғау органдарына және мемлекеттік органдарға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзуға кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту мәселелері бойынша жүгінуге;

10) өз құқықтары мен занды мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгінуге;

11) жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына септігін

тигізетін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстарды мемлекеттік органдардың қарауына енгізуге;

12) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы жобаларды іске асыру немесе оған қатысу жолымен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шараларын өз қызметінде қолдануға құқылы.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға;

2) өндірілетін өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру тәртібі енгізілген жеке кәсіпкерліктің түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар және рұқсаттар алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сактандыруды жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

9-бап. Жосықсыз бәсекені жүзеге асыруға жол бермеу

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген еркін бәсекелестікке басқа жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзы жолымен бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға бағытталған іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) тыйым салынады.

10-бап. Ішкі нарықты қорғау

Ішкі нарықты қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендей-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларымен, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолданумен жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.06.2015 № 317-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Жеке кәсіпкерлік субъекті туралы ақпаратты қорғау

1. Коммерциялық құпияны қорғау коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсyz алуға, таратуға не пайдалануға тыйым салудан тұрады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъекті коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы бар адамдар тобын айқындауды және оның құпиялышын қорғауға шаралар қолданады.

3. Ақпаратты қолжетімділік санатына жатқызу тәртібін, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын жеке кәсіпкерлік субъектісі айқындаиды.

4. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз әдістермен алған, жария еткен немесе пайдаланған адамдар келтірілген залалды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеуге міндettі.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектісі немесе ол уәкілеттік берген адам өз қызметкерлерінен коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу туралы қол қоюын талап етуге, ал оны тексеруді жүзеге асыратын адамдарға Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапкершілік туралы ескертуге құқылы.

6. Міндettі түрде жариялануға не акционерлердің, шаруашылық серіктестік қатысушыларының немесе өзге де белгілі бір адамдар тобының назарына міндettі түрде жеткізуге жататын ақпараттың тізбесі Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектісінің құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

6-1. Корпоративтік дауға қатысатын жеке кәсіпкерлік субъектілері, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес әрбір нақты құжатты көрсетпей, істің мән-жайын анықтауға болатын құжаттарды бір-бірінен сұратуға құқылы.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркеу, бақылау функцияларын орындау кезінде және басқа да іс-әрекеттер жасау кезінде мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға оларға жүктелген функцияларды іске асыру үшін қажетті ақпараттан басқа, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты бермеуге құқылы

8. Алып тасталды - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. Құқық қорғау органдары прокурордың санкциясы, сотқа дейінгі іс жүргізу шенберінде тергеу органдарының қаулысы негізінде не соттың қаулысы негізінде жеке кәсіпкерлік субъектісінен де, мемлекеттік органдардан да қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сұратады және алады.

10. Занды күшіне енген сот шешімі бар ақпаратты қоспағанда, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жеке кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз жария етуге болмайды.

11. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын мәліметтерді ашпайтын, жинақталған ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады.

12. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің жалпыға қолжетімді ақпаратына:
- 1) дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы;
 - 2) занды тұлғаның атауы және тіркелген жылы, айы, күні;
 - 3) сәйкестендіру нөмірі;
 - 4) занды мекенжайы (орналасқан жері);
 - 5) қызмет түрі;
 - 6) басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) жатады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

12-бап. Алғашқы статистикалық деректер

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің алғашқы статистикалық деректері Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес табыс етіледі.

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде көзделмеген мәліметтерді талап етуге құқылы емес.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.

13-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бухгалтерлік есепке алушы жүргізу мен қаржылық есептілік жасау тәртібі

1. Осы Заңның 27-бабына сәйкес міндettі мемлекеттік тіркеуге жатпайтын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік жасауы Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік туралы заңнамасы бойынша бухгалтерлік есепке алушы жүргізу мен қаржылық есептілік жасаудың оңайлатылған нысанын қолдануға құқылы.

3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖЕКЕ КӘСПІКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ МЕН ҚОЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТИ

14-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
- 2) жеке кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастырады;
- 2-1) жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету тәртібін айқындайды;
- 3) Үкімет жанынан жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші органдар құрады және таратады;
- 4) орталық мемлекеттік жергілікті өкілді және атқарушы органдар әзірлейтін, жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сарапшылық кеңестердің қарауын ұйымдастырады;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) номенклатурасын және олардың көлемін (пайыздық көріністегі) бекітеді;
- 6) шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын ынталандырады;
- 7) өндірістік қызметті ұйымдастыру және халықта қызметтер көрсету саласын дамыту үшін меншікке кейіннен өтеусіз бере отырып, мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын обьектілерін және олардың алып жатқан жер участкелерін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мұліктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекітеді;
- 8) бәсекеге қабілетті салаларды құру мен жетілдіруді, жеке кәсіпкерлік субъектілерін дамытуды және олар шығаратын өнімнің сапасын арттыруды ынталандыратын мемлекеттік саясатты айқындайды және іске асырады;
- 9) бәсекелестіктің дамуына және инновацияларға, материалдық активтерге, сондай-ақ ұзақ мерзімді инвестицияларға инвестициялар салуды ынталандыруға септігін тигізетін нормативтік құқықтық актілер әзірлейді;
- 10) экономиканың жекелеген секторларында кластерлер құруды ынталандырады;
- 11) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің дамуы үшін кедергілерді жою мақсатында экономика салаларының жұмыс істеуіне талдау жүргізеді;
- 12) Қазақстан Республикасының экономикасына инвестицияларды ұлғайту және инновациялар ендіруді жеделдету мақсатында ұлттық даму институттарын құрады;
- 13) жекелеген салаларда жеке кәсіпкерлік субъектілері арасындағы бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасай отырып, осы салаларды тарифтік және тарифтік емес әдістермен уақытша қорғауды жүзеге асырады;
- 14) ұлттық экспорттаушыларға қатысты басқа елдер орнатқан кедергілерді жоюға шаралар қабылдайды;

15) жеке кәсіпкерлік субъектілерін келісімді бірлескен экспорттың саясатты жүргізуге ынталандырады;

16) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ішкі және сыртқы нарықтардың жай-күйі туралы экономикалық ақпарат беруді ұйымдастырады;

17) сапа менеджментінің жүйесін ендіруді ынталандыру жолымен ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдайлар жасайды;

18) ұлттық экспорттаушылардың басқа елдердің аумағындағы мүдделерін қолдау жолымен сыртқы сұранысқа жағдай жасайды;

19) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және жеке кәсіпкерлік субъектілері мен жұмыс берушілердің бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасайды;

20) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

21) саланың немесе кластерлердің проблемаларын шешу үшін ғылыми-зерттеу ұйымдарын құрады, іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулерді қаржыландырады;

22) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23) халықтың әлеуметтік қорғалмаған жігін жеке кәсіпкерлікке тарту жөнінде шаралар өзірлейді;

23-1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекітеді;

23-2) жұмыскерлердің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысты есептеу қағидаларын бекітеді;

24) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындаиды.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 178, 2009.02.13 № 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.02 № 263-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2013 № 124-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын жүргізуі жүзеге асырады;

- 2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 3) шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік шараларының орындалуын ұйымдастырады және үйлестіреді;
 - 4) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру және оларға кредит беру жөніндегі шараларды жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлейді;
 - 5) кәсіпкерлік ортаға, инвестициялық ахуалға және жеке кәсіпкерлікті дамытудың инфрақұрылымына талдау жүргізеді;
 - 6) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 7) жеке кәсіпкерлікті қолдауды және дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;
 - 8) республика өңірлерінде шағын және орта кәсіпкерлік инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытуға септігін тигізеді;
 - 9) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 10) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асырады;
 - 11) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 12) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 13) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің инновациялық, инвестициялық және индустриялық даму саласындағы құжаттарын іске асыруға шағын және орта кәсіпкерліктің қатысуы үшін жағдайлар жасайды;
 - 14) инвесторлар, грант беруші халықаралық ұйымдар үшін жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелерінде жағдайлар жасайды;
 - 15) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне әдіснамалық көмек ұйымдастырады;
 - 16) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) халықаралық нарықтарына шығуы үшін жағдайлар жасайды;
 - 17) жеке кәсіпкерлікті дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
 - 18) жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты насиҳаттайды;
 - 19) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары жол беретін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін регламенттейтін Қазақстан

Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін хабардар етеді;

20) уәкілді мемлекеттік органдар өзірлейтін тәуекелдерді бағалау критерийлерін, ведомстволық есептіліктің және тексеру параптерының нысандарын бірлесіп бекіту арқылы мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу процесін үйлестіруді жүзеге асырады;

21) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21-1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізеді;

21-2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын өзірлейді;

21-3) жұмыскерлердің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысты есептеу қағидаларын өзірлейді;

21-4) реттеуші мемлекеттік органдарға реттеушілік әсерді талдауды жүзеге асыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетеді және олардың қызметін үйлестіреді;

21-5) мемлекеттік қызметшілерді және өзге де адамдарды реттеушілік әсерді талдауды енгізу және жүзеге асыру мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;

22) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2013 № 124-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Жергілікті өкілетті органдардың құзыреті

Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті органдары:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) жергілікті атқарушы органдар басшыларының Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері бойынша есептерін қарайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары:

- 1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатының іске асырылуын жүзеге асырады;
- 2) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;
- 3) алып тасталды - КР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 4) алып тасталды - КР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 5) өнірде шағын және орта кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз етеді;
- 6) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындайды;
- 7) сарапшылық кеңестердің қызметін ұйымдастырады;
- 7-1) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етеді;
- 7-2) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына өз құзыреті шегінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 8) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
- 9) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2010.04.02 № 263-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-1-бап. Реттеуші мемлекеттік органдардың құзыреті

Реттеуші мемлекеттік органдар:

1) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы есептерді ұсынады;

2) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тарау 17-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

18-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

жеке кәсіпкерлікті реттеу мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру;

жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларды, технологиялық парктерді, индустриялық аймақтарды және жеке кәсіпкерлік инфрақұрылымының басқа да объектілерін құру және дамыту;

бюджет қаражаты есебінен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін оқу-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

жеке кәсіпкерлікті қаржылық қолдау.

2. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту:

мемлекеттік органдардың жаңынан жеке кәсіпкерлік проблемаларын зерделеу және оны дамыту ұсыныстарын әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу институттарын құру;

орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жаңындағы сарапшылық кеңестердің қызметін ұйымдастыру;

жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қаржы институттарын құру;

бизнес-инкубаторлардың және индустриялық аймақтардың қызметін ұйымдастыру;

жер участекерін, ғимараттарды, үй-жайларды сату не тұрғын үй-жайларды Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тұрғын емес үй-жайға ауыстыру жолымен жүзеге асырылады.

2-1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау:

1) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кепілдік берілген көлемін сатып алу;

2) екінші деңгейдегі банктер арқылы кредит беруді ұйымдастыру;

3) экономика салаларында әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;

4) алып тасталды - КР 03.07.2013 № 124-В Занымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) бюджет қаражаты есебінен қарыздар беру;

6) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржы институттары беретін кредиттер, лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;

7) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне ішінара кепілдік беру;

8) лизинг жолымен жүзеге асырылады.

2-2. Мемлекеттік қаржылық қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі жүзеге асырылатын экономика саласын (салаларын) қаржылық қолдау тәртібін, нысанын, мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін тартылатын заңды тұлғаны (тұлғаларды), қаржылық қолдау мөлшері мен мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін қажетті басқа да талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мыналарды:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қаржылық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ ғылыми-техникалық әзірлемелер мен технологияларды пайдалануы үшін жағдайлар жасауды;

шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеудің және таратудың оңайлатылған тәртібін белгілеуді;

оңтайлы салық салу режимін белгілеуді;

шағын және орта кәсіпкерлікке кредит берудің бағдарламаларын қабылдауды ;

шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту үшін инвестицияларды, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тарту мен пайдалану жүйесін жасауды;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді) сатып алушың кепілдендірілген көлемін қамтамасыз етуді;

жұмыс істеп тұрған оқу және зерттеу оргалықтарын, консалтингтік ұйымдар мен шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың ақпараттық жүйелерін дамыту және жаңаларын құру жолымен кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды;

ұлттық даму институттарын құруды қоса алғанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

4. Алынып тасталды - КР 2006.07.07 № 178 Занымен.

5. Индустримальық аймақтар жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін экономикалық және ұйымдық жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Индустриялық аймақтардың міндеттері:

1) өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлікті жедел дамытуға жәрдемдесу;

2) жана өндірістер инфрақұрылымын құруға және дамытуға арналған шығындарды оңтайландыру;

3) өндіріс тиімділігін арттыру;

4) халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

6. Мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жер участекелерін, ғимараттарды, үй-жайларды сатады, не жер участекесінің нысаналы мақсатын Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өзгерtedі, не Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес сатып алу-сату шартына не рұқсатқа қажетті инфрақұрылымға қосудың техникалық шарттарын міндетті түрде қоса отырып, тұрғын үйді тұрғын емес үй-жай етіп қайта жабдықтауға рұқсат береді. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін одан әрі инфрақұрылымға қосу сатып алу-сату шартына не рұқсатқа сәйкес жүзеге асырылады.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бастамаларын мемлекет тарапынан қаржылық қолдауды, оның ішінде негізгі қызметінің мақсаты қаржылық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылатын, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі арнайы қор жүзеге асырады.

Арнайы қордың негізгі міндеттері:

1) алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен;

2) микроқаржы ұйымдарының қызметін дамыту;

3) жеке кәсіпкерлік субъектілері екінші деңгейдегі банктерден және өзге де заңды тұлғалардан кредиттер алған кезде оларға кепілдік беру жүйесін жасау;

4) қаржы лизингін дамыту;

5) жеке кәсіпкерлік субъектілерін оқыту және консалтингтеу;

6) жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін сапа менеджменті жүйесін енгізу жөніндегі операцияларды қоса қаржыландаудың гранттық жүйесін дамыту;

6-1) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық-талдамалық қолдау көрсету;

6-2) қаражатты екінші деңгейдегі банктерде және өзге де заңды тұлғаларда негізделген түрде орналастыру жолымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, арнаулы қордың ішкі нормативтік құжаттарында тікелей көзделген өзге де тәсілдермен жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландау;

6-3) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық институттар беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау;

7) арнайы қордың жарғысына сәйкес басқа да міндеттер болып табылады.

Арнайы қордың міндеттерін іске асырудың тәртібі мен шарттарын ұлттық басқарушы холдинг айқындауды.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 178, 2009.02.13 № 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2010.04.02 № 263-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.11.26 № 57-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

19-бап. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен дамыту

1. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі принциптері:

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытуудың басымдығы; шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кешенділігі;

шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының және жүзеге асырылатын шаралардың шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін қолжетімділігі;

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

2. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен дамыту:

- 1) қаржылық қолдау көрсету;
- 2) шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының желісін ұйымдастыру;
- 3) бизнес-инкубаторлардың қызметін ұйымдастыру;

4) бір жылдан астам пайдаланылмаған мемлекеттік меншік обьектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға беру;

5) өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін жалға немесе сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік меншік обьектілерін және олар алып жатқан жер участеклерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тәртіппен көзделген шарттарды олар орындаған жағдайда шарт жасасқан кезден бастап бір жыл өткен соң өтеусіз беру жолымен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 1) тармақшасын қоспағанда, осы шарттар сауда-делдалдық қызметті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау:

- 1) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кепілдік берілген көлемін сатып алу;
- 2) екінші деңгейдегі банктер және микрокредит беру арқылы кредит беруді ұйымдастыру;
- 3) экономика салаларында әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;

4) алып тасталды - КР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) бюджет қаражаты есебінен қарыздар беру;

6) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржы институттары беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;

7) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне ішінара кепілдік беру;

8) лизинг жолымен жүзеге асырылады.

4. Алынып тасталды - КР 2009.02.13 № 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Заңымен.

5. Шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтары халықты жеке кәсіпкерлікке тарту, жаңа шағын кәсіпкерлік субъектілерін құру мақсатында құрылады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының міндеттері:

1) кәсіпкерлік ахуалды, отандық және халықаралық нарықтарды, экономиканың салалары мен секторларын талдау;

2) маркетинг және менеджмент саласында қызметтер кешенін көрсету;

3) инвестициялық және бизнес-жобаларды өзірлеу жөніндегі қызметтерді, консультациялық және басқа да қызметтер көрсету;

4) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық белсенділігін арттыруға жәрдемдесу;

5) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кәсіби өсуіне жәрдемдесу;

6) ақпараттық және сараптамалық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

7) семинарлар, тренингтер өткізу;

8) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің деректер базасын қалыптастыру;

9) шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ақпаратты және оны дамытудың проблемалық мәселелерін талдау мен қорыту болып табылады.

6. Бизнес-инкубаторлар шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуына және дамуына жәрдем көрсету үшін құрылады.

Бизнес-инкубатордың міндеттері:

1) бизнес-инкубаторға орналастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу;

2) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне білім беру, маркетингтік, консалтингтік және басқа да ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметтер көрсету болып табылады.

7. Сауда-делдалдық қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті және қызмет көрсету саласын ұйымдастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бір жылдан астам пайдаланылмаған мемлекеттік менишік объектілері сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға берілуі мүмкін.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалға алу немесе сенімгерлікпен басқару шарттарының талаптарын орындауды республикалық және коммуналдық меншікке иелік етуге үәкілетті тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 178, 2009.02.13 № 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.02 № 263-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен .

20-бап. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік, салалық (секторальдық) және өнірлік бағдарламалары

Ескерту. 20-бап алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқу-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік қолдау

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқу-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік қолдау олардың бәсекеге қабілетті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) шығаруға мүмкіндік беретін кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

2. Шағын кәсіпкерлікті оқу-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік қолдау:

жеке кәсіпкерлікті жүргізу мәселелері бойынша оқу семинар-тренингтер және ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру;

жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру практикасы, жаңа технологиялар нарығы туралы әдістемелік құралдар, ақпараттық бюллетендер тарату;

өнірлерде ақпараттық, консалтингтік орталықтар желісін құру;

өнірлерде шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқытуды ұйымдастыру үшін менеджерлер даярлау жолымен жүзеге асырылады.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқу-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік қолдау бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

22-бап. Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау

1. Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау респубикалық және өнірлік деңгейлерде жүргізіледі және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

2. Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетудің мерзімі, көлемі мен шаралары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

23-бап. Жеке кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету

Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар таратуға шек қойылмаған, оның ішінде осы Заңның 5-бабында көзделген ақпарат пен материалдарды тегін негізде тарату үшін интернет-ресурстар құруға және олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге және олардың жарнамасын, сондай-ақ осы ақпаратты жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты жаңартып отыруды қамтамасыз етуге міндettі.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10 № 178-IV, 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарамен.

5-тарау. ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ БІРЛЕСТІКТЕРІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ САРАПТАМА ЖАСАУҒА ҚАТЫСУЫ

24-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жүргізу үшін аккредиттелуге үміткер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері:

респубикалық деңгейде – жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің одағы (қауымдастыры), респубикалық салааралық, салалық қауымдастықтар (одақтар), сондай-ақ шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерлік субъектілерінің респубикалық бірлестіктері;

облыстық деңгейде – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің респубикалық бірлестіктерінің филиалдары, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің облыстық бірлестіктері, шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерліктің облыстық бірлестіктері;

қалалық, аудандық деңгейлерде – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің респубикалық бірлестіктерінің филиалдары, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктері, шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерліктің облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктері түрінде кәсіпкерлер бірлестіктерін құрады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін қаржыландыру жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ерікті мүшелік жарналары және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

25-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеу

1. Жеке кәсіпкерлердің мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларына сараптама жасауға қатысуға үміткер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда аккредиттелуге жатады.

2. Аккредиттелуге:

респубикалық деңгейде - жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің одағы - (қауымдастыры), шағын кәсіпкерлік жөніндегі респубикалық бірлестік, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің респубикалық салалық бірлестіктері;

облыстық деңгейде - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің респубикалық, облыстық бірлестіктерінің филиалдары, шағын кәсіпкерлік жөніндегі респубикалық, облыстық бірлестіктер филиалдары;

қалалық, аудандық деңгейлерде - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің респубикалық, облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктерінің филиалдары, шағын кәсіпкерлік жөніндегі респубикалық, облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктерінің филиалдары жатады.

3. Алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 130-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Егер аккредиттелуге бір әкімшілік-аумақтық бірлік, бір қызмет саласын білдіретін екі және одан да көп коммерциялық емес ұйым үміткер болған жағдайда, онда азаматтардың неғұрлым көп санын біріктірген коммерциялық емес ұйым аккредиттелуге жатады.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеуді жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейды.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

26-бап. Сарапшылық кеңестер

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сараптама кеңестеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер

палатасының, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің, аккредиттелген коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

Сараптамалық кеңестің отырысы бір тоқсанда кемінде бір рет жүргізіледі.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері мен коммерциялық емес ұйымдар орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сарапшылық кеңестің құрамына ұжымдық мүше ретінде кіреді және өкілеттігі сенімхатпен расталатын өз өкілі арқылы әрекет етеді.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сарапшылық кеңестердің құрамы мемлекеттік органдар басшыларының шешімдерімен бекітіледі.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлейтін мемлекеттік орган, мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, оны сарапшылық кеңестің қарауына енгізеді.

3-1. Сараптамалық кеңестің нормативтік құқықтық актілердің жобасын қарауы осы Заңның 5-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны сараптамалық кеңестің мүшелеріне жіберу арқылы отырыс өткізбестен жүзеге асырылуы мүмкін.

3-2. Егер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғайтын мәселе тиісті мемлекеттік органның құзыретіне жататын болса, осындай кез келген мәселе сараптамалық кеңестің қарауына шығарылуы мүмкін.

4. Сарапшылық кеңестер туралы үлгі ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Сарапшылық кеңестердің жұмысын талдау мен оның мониторингін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның жанынан құрылатын үйлестіру кеңесі жүзеге асырады.

Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның басшысы үйлестіру кеңесінің тәрағасы болып табылады.

Үйлестіру кеңесінің құрамын уәкілетті органның басшысы қалыптастырады.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы реєми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-тарау. ЖЕКЕ КӘСПІКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІН ТІРКЕУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

27-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін - занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Занды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу кезінде мәлімделген орналасқан жері бойынша мемлекеттік кіріс органында (бұдан әрі — тіркеуші орган) дара кәсіпкер ретінде есепке қою болып табылады.

2. Мына шарттардың біреуіне сай келетін:

1) тұрақты негізде жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланатын;

2) жеке кәсіпкерліктен Қазақстан Республикасының заңдарында жеке тұлғалар үшін белгіленген салық салынбайтын жылдық жиынтық табыстың мөлшерінен асатын мөлшерде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептелген жылдық жиынтық табысы бар;

3) тармақша 31.12.2017 дейін қолданыста болады.

3) ауыл шаруашылығы өнімін сауда базарларының аумағында өткізетін дара кәсіпкерлер міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

Аталған дара кәсіпкерлердің қызметіне мемлекеттік тіркеусіз тыйым салынады.

2-1. Қызметкерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланбайтын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мынадай табыстарды:

1) төлем көзінен салық салынатын;

2) мұлік табыстарын;

3) өзге де табыстарды алу кезінде дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы.

3. Дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы күәлік мерзімсіз болып табылады және тіркеуші органның лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен күеландырылған электрондық құжат нысанында ұсынылады.

Дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы күәліктің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

4. Дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу үшін жеке тұлға тіркеуші органға немесе халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы:

1) уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша салықтық өтініш;

2) дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

3) дара кәсіпкердің орналасқан жерін растайтын құжат ұсынады.

Мекенжай анықтамасы не жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны пайдалану құқығын растайтын құжат дара кәсіпкердің орналасқан жерін растайтын құжат болып табылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар келу тәртібімен ұсынылған кезде жеке тұлға жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді.

Салықтық өтінішті "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынған кезде осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіrkегені үшін алым сомасын бюджетке төлеу "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүргізіледі.

Дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіrkегені үшін алым сомасы бюджетке банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төленген жағдайда, электрондық түрде ұсынылған салықтық өтінішке сұрау салуда төлем құжатының деректемелерін көрсеткен кезде "электрондық үкіметтің" веб- порталында қалыптастырылатын "электрондық үкіметтің" төлем шлюзінің хабарламасы қоса беріледі.

Егер өтініш беруші кәмелет жасына толмаған жағдайда, жоғарыда аталған құжаттарға – заңды өкілдердің келісімі, ал мұндай келісім болмаған кезде – неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы қуәліктің көшірмесі не қамқоршылық және қорғаншылық органы шешімінің көшірмесі немесе кәмелет жасына толмаған адамды толығымен іс-әрекетке қабілетті деп жариялау туралы сот шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

Өзге құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

4-1. Жеке тұлға осы баптың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезден бастап тіркеуші орган бір жұмыс күні ішінде дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіrкеуді жүргізеді не мұндай тіrкеуден бас тартады.

Мемлекеттік кіріс органы, егер:

1) өтініш беруші әрекетсіз заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылған және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған және (немесе) хабарсыз кетті деп танылған және (немесе) қайтыс болды деп жарияланған және (немесе) оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 215, 238 және 240-баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған сottылығы болған;

2) салықтық өтініште көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттың деректері сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тіzілімдерінде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмеген;

3) салықтық өтініште көрсетілген орналасқан жері "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесінде жоқ болған жағдайда, дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеуден бас тартуды жүргізеді.

Осы бапта көзделген мемлекеттік тіркеуден бас тарту негіздері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын дара кәсіпкерлерге қолданылмайды.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені) үшін алым төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалады.

6. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруге арналған өтініште, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы шартта (жай серіктестік туралы шартта) көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, дара кәсіпкер (бірлескен дара кәсіпкерліктің уәкілетті адамы) өзгерістер туралы тіркеуші органға осы орган белгілеген нысан бойынша хабарлауға міндettі. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген деректер өзгерген жағдайда дара кәсіпкер (бірлескен дара кәсіпкерліктің уәкілетті адамы) қайта тіркеуді жүзеге асыруға және жаңа куәлік алуға міндettі.

6-1. Дара кәсіпкер ретінде тіркеу үшін өтініш беруші салықтық өтінішті келу тәртібімен тіркеуші органға қағаз жеткізгіште не "электрондық ұқіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынуға құқылы.

Кәмелет жасына толмаған жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелген жағдайда, салықтық өтініш келу тәртібімен қағаз жеткізгіште ұсынылады.

7. Алып тасталды - ҚР 2013.01.08 № 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Бірлескен дара кәсіпкерлікті тіркеу кезінде өтінішті үшінші тұлғалармен және мемлекеттік органдармен қатынастарда мүдделерін білдіретін уәкілетті тұлға береді.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бірлескен дара кәсіпкерлікке жазылады. Куәлікке тіркеу органының басшысы куәландаған бірлескен дара кәсіпкер мүшелерінің тізімі қоса беріледі.

9. Алып тасталды - ҚР 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.01.12 № 224 (2012.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 № 297-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 64-V (01.07.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2013 № 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.11.2014 № 257-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-баптан қараңыз); 03.12.2015 № 432-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

28-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің банкроттығы, оларды қайта ұйымдастыру және тарату

1. Жеке кәсіпкерлік субъектісі борышкердің немесе кредитордың, ал Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларда өзге де адамдардың сотқа өтініші негізінде сот шешімімен банкрот деп танылады.

Дара кәсіпкердің банкроттық рәсімі Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Заңды тұлға болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектісін қайта ұйымдастыру немесе тарату жеке кәсіпкерліктің нақты ұйымдық-құқықтық нысаны үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Дара кәсіпкердің қызметі ерікті немесе мәжбүрлеу тәртібімен, сондай-ақ осы Заңда көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

Дара кәсіпкердің қызметі өзіндік кәсіпкерлік кезінде - дара кәсіпкер өз бетімен, бірлескен кәсіпкерлік кезінде - барлық қатысушылар бірлесіп қабылдаған шешім негізінде кез келген уақытта ерікті түрде тоқтатылады.

Дара кәсіпкер қызметін ерікті түрде тоқтату үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен салықтық өтініш ұсынады.

Бірлескен кәсіпкерлікті тоқтату туралы шешім, егер ол үшін оған қатысушылардың жартысы дауыс берсе, егер олардың арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, қабылданды деп саналады.

4. Жеке кәсіпкердің қызметі мынадай жағдайларда:

1) ол банкрот деп танылған;

2) тіркеу кезінде жіберілген жойылмайтын сипаттағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарға байланысты дара кәсіпкерді тіркеу жарамсыз деп танылған;

3) қызметін күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырған;

4) ол қайтыс болды деп жарияланған;

5) ол хабар-ошарсыз кетті деп танылған жағдайларда сottың шешімі бойынша мәжбүрлеу тәртібімен тоқтатылады.

5. Осы бапта көзделген негіздерден басқа, дара кәсіпкердің қызметі мынадай жағдайларда:

1) өзіндік кәсіпкерлік – дара кәсіпкер әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, қайтыс болды деп жарияланған немесе ол қайтыс болған жағдайда;

2) отбасылық кәсіпкерлік және жай серіктестік - егер осы тармақтың 1-тармақшасында аталған мән-жайлар болуы салдарынан бірлескен кәсіпкерлік қатысушысының біреуі қалған немесе бір де бірі қалмаған жағдайда, сондай-ақ некені бұзуға байланысты мүлікті бөлу кезінде;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген, қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату көзделетін жағдайда да тоқтатылады.

6. Дара кәсіпкердің қызметі өзінің өтініші, занды қүшіне енген сот шешімі негізінде тіркеуші органда дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған кезден бастап, сондай-ақ осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі.

Дара кәсіпкер уәкілетті органның интернет-ресурсында дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығару туралы ақпарат орналастырылған күннен бастап дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылды деп танылады.

7. Белгіленген жағдайларда тіркеусіз дара кәсіпкерлікті жүзеге асыру кезінде оны тоқтату ерікті сипатта болса - нақты тоқтатылған кезден бастап, мәжбүрлеп тоқтату кезінде тиісінше соттың шешімі занды қүшіне енген кезден бастап ол тоқтатылды деп есептеледі.

8. Орындалмаған міндеттемелері жоқ және мемлекеттік органдар төмен немесе орташа дәрежедегі тәуекел санатына жатқызған жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін Қазақстан Республикасының зандарымен қайта ұйымдастырудың және ерікті таратудың оңайлатылған тәртібі белгіленеді.

Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.10 № 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.17 № 188-IV (2010.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.08 № 225-IV қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз); 15.04.2013 № 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.11.2014 № 257-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-б. қараныз) Зандарымен.

7-тaraу. МЕМЛЕКЕТТИК РЕТТЕУ

Ескерту. 7-тaraудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Заңымен.

29-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен шектері

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің мақсаттары жеке кәсіпкерлік субъектісі өндіретін және өткізетін өнімнің адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпсіздігін, олардың мүліктік мүдделерін қорғауды, қоршаған ортаға

қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін, мемлекеттің мүліктік мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу мемлекеттің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті талаптарды белгілеуі арқылы, оның ішінде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдары;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентің жарлықтары;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары;
- 4) Қазақстан Республикасы министрлерінің және өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері;
- 6) жергілікті өкілді органдардың шешімдері деңгейінде реттегіш құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Реттегіш құралдарды енгізу осы Заңның 5-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Заңның мақсаттары үшін:

1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші тұлғаларға ақпаратты, оның ішінде таңбалау, декларациялау, міндетті нұсқаулықтар, қызмет көрсету қағидалары бөлігінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тұтынушыларға ұсыну үшін міндетті жеке кәсіпкерлік субъектілері туралы, үшінші тұлғаларға беру үшін міндетті өзге де ақпаратты беру туралы талаптарды осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгілеу;

2) салықтық, статистикалық және өзге де есептілікті қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті есептілікті мемлекеттік органдарға турақты негізде ұсыну;

3) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік органдарға ақпаратты, оның ішінде мәліметтер, үзінді көшірмелер, декларациялар, хабарламалар нысандары арқылы, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қызметті немесе іс-қимылдарды жүзеге асыруды бастауға, жүзеге асыруға немесе тоқтатуға байланысты мемлекеттік органдарға ұсынылатын, жеке кәсіпкерлік субъектілері толтыратын өзге де құжаттарды беру ақпараттық құралдар деп танылады.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда - КР 29.12.2014 № 269-V Заымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-бап. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен жеке кәсіпкерлік өнімдеріне, процестеріне қойылатын талаптарды белгілеу

Мемлекет Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен барлық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті өнімдерге, процестерге қойылатын талаптарды белгілейді.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-бап. Сәйкестікті, тексеру, калибрлеу және сынақ зертханаларын (орталықтарын) растау жөніндегі органдарды аккредиттеу

Сәйкестікті, тексеру, калибрлеу және сынақ зертханаларын (орталықтарын) растау жөніндегі органдарды аккредиттеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

32-бап. Өнімдердің жекелеген түрлерінің, процестердің сәйкестігін міндетті растау

Өнімдердің жекелеген түрлерінің, процестердің сәйкестігін міндетті растау, егер бұл Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті болса, белгіленеді.

33-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген жағдайларда белгіленеді.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау мынадай:

1) ұйымдастыру және жүргізу тәртібі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалатын тексеру нысанында;

2) ұйымдастыру және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын алдын алу-профилактикалық сипаттағы бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарында жүзеге асырылады.

3. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.12.2013 N 152-V (01.12.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Жеке кәсіпкерлік саласында лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру

Жеке кәсіпкерліктің жекелеген түрлерін лицензиялау және оларға рұқсат беру рәсімдері Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

35-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтық-құқықтық жауаптылығын міндettі сақтандыру

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтық-құқықтық жауаптылығын міндettі сақтандыру, егер осы Заңның 29-бабының 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік реттеу түрлерін қолдану мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етпейтін жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Ескерту. 35-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

36-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының жауаптылығын белгілеу

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының жауаптылығы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

8-тaraу. ЖЕКЕ КӘСПІКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

Ескерту. 8-тaraу алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-тaraу. МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ, ЛИЦЕНЗИЯЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

Ескерту. 9-тaraудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2008.07.05 № 62-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

42-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен занды мүдделерін бұзғаны үшін жауаптықтың жалпы негіздері мен нысандары

1. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары осы Заңның 29-бабының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік реттеудің мақсатына қол

жеткізбекен мемлекеттік бақылауды және қадағалауды, лицензиялауды жүзеге асыру кезінде өз қызметтік міндеттерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда, сондай-ақ өзге де құқыққа қайшы іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасағанда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Мемлекеттік органдар мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуда кінәлі лауазымды адамдарына қатысты қабылданған шаралар туралы құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жеке кәсіпкерлік субъектісіне бір ай ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

3. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы ақпаратты таратқаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады, ал жеке кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз ақпаратты тарату нәтижесінде оған келтірілген зиян өтелуге тиіс.

**Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2008.07.05 № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.**

43-бап. Жеке кәсіпкерлікке кедергі келтіргені үшін жауаптылық

1. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының жеке кәсіпкерлік қызметіне заңсыз кедергі жасайтын кез келген іс-әрекеті (әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта әкеп соғады.

2. Қызметін мәжбүрлеп тоқтата тұру немесе тыйым салу солардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын қаржылық ұйымдардың, кредиттік бюrolардың кәсіпкерлік қызметін қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметін мәжбүрлеп тоқтата тұруды немесе тыйым салуды бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша сот жүргізеді.

3. Қызметті немесе қызметтің жекелеген тұрлерін сот шешімінсіз тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға сотқа әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша материалдарды үш тәулік ішінде міндетті түрде бере отырып, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 48-бабында көзделген жағдайларда жол беріледі.

4. Кәсіпкерлік қызметіне заңсыз кедергі келтіру салдарынан жеке кәсіпкерлік субъектісі көтерген барлық шығындар мен жеке кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген өзге де зиян өтелуге жатады.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2014 № 236-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

44-бап. Жеке кәсіпкерлікті тексерудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық

1. Мемлекеттік орган немесе оныңлауазымды адамы жеке кәсіпкерлік субъектісіне тексеру жүргізудің белгіленген тәртібін бұзған жағдайда (тексеруді негізсіз тағайындау, акті шығармай және оны құқықтық статистика органында тіркемей тексеру жүргізу, құжаттарды заңсыз алып қою, материалдық құндылықтарды заңсыз түгендеу, өндірісті тоқтата тұру, артық анықтамалар толтыру, негізсіз сұрау салуларды талап ету және өзге де жағдайларда) өтеулі талап етілетін шығындардың көлеміне тексеруге арналған материалдарды дайындағаны үшін жеке кәсіпкерлік субъекті қызметкерлеріне төленген сыйақы сомалары, өндірістің мәжбүрлі тоқтаған уақытына жалақы, өндірісті тоқтата тұру салдарынан шығарылмаған тиісті тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу кезінде жеке кәсіпкерлік субъектісінің алуды ықтимал жіберіп алған пайда енгізілуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен заңсыз деп танылған мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу кезінде мемлекеттік органдардыңлауазымды адамдарының іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) жеке кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады.

3. Мемлекеттік органдардыңлауазымды адамдарының тексеру жүргізу кезіндегі заңсыз іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

10-тaraу. ЖЕКЕ КӘСІПKERЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

45-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілері жауаптылығының жалпы жағдайлары

Жеке кәсіпкерлік субъектілері жеке және занды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға міндетті.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзыу Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

46-бап. Сәйкестікті тексеру, калибрлеу және сынақ зертханаларын (орталықтарын) растау жөніндегі органдардың жауаптылығы

Сәйкестікті тексеру, калибрлеу және сынақ зертханаларын (орталықтарын) растау жөніндегі органдар өз міндеттерін орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

47-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылығы

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасын бұзуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

48-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылығы

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы заңнамасын бұзуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 48-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.06.2015 № 317-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

49-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының тауарлар импорты кезінде ішкі рынокты қорғау шаралары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылығы

Ескерту. Алып тасталды - ҚР 08.06.2015 № 317-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

11-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

50-бап. Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылығы

Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

51-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 5-бапты қоспағанда, жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Занды қолданысқа енгізу кезінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңнамасы оған қайшы келмейтін бөлікте қолданылады және 2007 жылғы 1 қаңтарға дейін соған сәйкес келтірілуге тиіс.

3. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат, N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 51-құжат; N 19-20, 147-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат);

2) "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 150-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 19-20, 147-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат);

3) "Жеке кәсіпкерлік туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 185-құжат; N 22, 333-құжат; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат).

Қазақстан
Президенті

Республикасының

"Жеке кәсіпкерлік туралы"
2006 жылғы 31 қаңтардағы N 124-III
Қазақстан Республикасының Заңына
ҚОСЫМША

Мемлекеттік бақылау және қадағалау ТҮРЛЕРИ

Ескерту. Қосымша алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.